

**Ағылшын тілі пәні бойынша жас мұғалімдерге әдістемелік көмек
көрсету туралы
АНЫҚТАМА**

Бақылау негізі: Жас мұғалімдерге ағылшын тілі пәні бойынша әдістемелік көмек көрсету.

Бақылаудың мақсаты: 2024-2025 оқу жылына арналған Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясының жұмыс жоспары және №538 бұйрығына сәйкес, ағылшын тілі пәнінен жас мұғалімдерге әдістемелік қолдау көрсету. Бұл бақылау олардың кәсіби құзыреттілігін дамытуға, сабақ тиімділігін арттыруға және заманауи педагогикалық әдіс-тәсілдерді меңгеруге бағытталған.

Әдістемелік көмек көрсетілетін мұғалімдер тізімі:

- 1.Абатова Динара Абатқызы
- 2.Бірлікқызы Ғазиза
- 3.Зиатдинова Әсем Нұрланқызы
- 4.Қожантай Ақтілек Нұрланқызы
- 5.Маратова Оксана Маратқызы
- 6.Нияз Асем Айсултанқызы
- 7.Нұрқалықова Аяжан Нұржанқызы
- 8.Сабинова Амангүл Мендигалиевна
- 9.Серікбай Ақмаржан Жандосқызы

Бақылау объектілері: Мұғалімдердің сабақ өткізу әдістемесі, оқушылармен қарым-қатынасы, оқыту сапасын жақсарту үшін қолданатын құралдары мен әдіс-тәсілдері.

Тексеру мерзімі: 11.10.-31.10.2024ж

Бақылау нәтижелері: 2024 жылдың 11 қазаны мен 31 қазаны аралығында ағылшын тілі пәні бойынша жас мұғалімдердің сабақтарына қатысу жүзеге асырылды. Әдістемелік көмек көрсету аясында мұғалімдердің сабақ беру әдістері талданды және тиімділігі бағаланды. Сабақ барысында қолданылған оқыту тәсілдері мен дидактикалық материалдардың сапасы зерделенді. Әр мұғалімге жеке әдістемелік кеңестер беріліп, тәжірибелік ұсыныстар жасалды. Жас мамандарға әдістемелік көмек көрсету үшін төмендегі құрамда жұмыс тобы құрылды.

Сарина С.Р.– директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, топ жетекшісі.

Мамбетжанова Д.Ж. – ағылшын тілі пәнінің мұғалімі, топ мүшесі.

Боқаева А.З.- ағылшын тілі пәнінің мұғалімі, топ мүшесі .

Садыкова Ж.А. – ағылшын тілі пәнінің мұғалімі, топ мүшесі.

Кадырова Г.К. - ағылшын тілі пәнінің мұғалімі, топ мүшесі.

Ағылшын тілі пәні бойынша, 7«К» класында (Сабинова Амангүл Мендигалиевна)

Тақырыбы:«A for and against essay. SA2»



Жас маманға көмек көрсету негізінде берілген ұсыныстар мен әдістемелік көмектер:

1. Коммуникативтік әдіс – оқушылардың сөйлеу дағдыларын дамытуға басымдық беру.
 2. Тәжірибе алмасу – өзге мұғалімдермен бірге әдіс-тәсілдер мен материалдарды талқылау арқылы жаңа идеялар алу.
 3. Мультимедиялық материалдар – аудио және видео сабақтарды қолдану арқылы тыңдау, көру және түсіну дағдыларын жетілдіру.
- Сабақтың тиімділігін арттыру мақсатында, аталған ұсыныстарды ескере отырып, мұғалімнің оқу процесін жетілдіруі маңызды.

Ағылшын тілі пәні бойынша, 7«Л» класында (Нұрқалықова Аяжан Нұржанқызы)

Тақырыбы: «A biography SA 2»

Сабақ барысында күнтізбелік-тақырыптық жоспарға сәйкес бөлім бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) алынды. Сабақтың басында мұғалім оқушылармен амандасып, дәптерлерін таратты. БЖБ тапсырмасын оқып, оны бірден аударып берді, алайда тапсырманың мазмұнын оқушылардан сұрамады. Сонымен қатар, мұғалім “summative” сөзін қате айтты.



Жас маманға көмек көрсету негізінде берілген ұсыныстар мен әдістемелік көмектер:

1. Сабаққа мұқият дайындалып, сөздердің аудармасы мен дұрыс айтылуын меңгеру.
2. Оқушыларға тапсырманы өз бетімен оқып, түсінуге мүмкіндік беру.
3. Өзге мұғалімдермен бірлесе отырып, әдіс-тәсілдер мен материалдарды талқылау арқылы жаңа идеялар алу.

Ағылшын тілі пәні бойынша, 3«И» класында (Серікбай Ақмаржан Жандосқызы)

Тақырыбы: «Calculations. SAU»

Мұғалім сабақты «Hello, song» атты warm up –пен бастады. Мұғалім сабақтың басында «Hello, song» атты әнді орындап, оқушылардың көңіл-күйін көтеріп, сабаққа дайындады. Бұл кезеңде оқушылар бірге ән айтып, командалық рухты күшейтті. Мұғалім есептеу дағдыларын дамытуға бағытталған тақырыпты түсіндірді. Оқушыларға есептер шешу, сандарды қосу, азайту, көбейту және бөлу туралы түсінік берді. Оқушыларды топтарға бөлді, әр топқа есептер мен тапсырмалар берілді. Оқушылар топта жұмыс істей отырып, бір-біріне көмектесіп, нәтижелерін талқылады. Оқушыларға сауалнамалар жасау тапсырылды. Олар өздерінің қызығушылықтарын білдіре отырып, әртүрлі сұрақтар дайындап, сыныптастарына сұрақтар қойды. Мұғалім сабақта орындалған жұмыстарды жинақтап, оқушылардың есептеу дағдыларын қалай дамытқандарын талқылады. Оқушылар сұрақтарға жауап беріп, сабақтан алған білімдерін бекітті. «Bingo» ойыны интерактивті тақтадан көрсетіліп, ойнатылды. Оқушылар сандық есептеулерді жақсы меңгерді, топта жұмыс істеу дағдыларын дамытты.



Жас маманға көмек көрсету негізінде берілген ұсыныстар мен әдістемелік көмектер:

1. Жас маманға сабақ жоспарлау, оқыту әдістемелері және бағалау критерийлері бойынша кеңес беріп, тиімді сабақ өткізу үшін қажетті материалдармен қамтамасыз етілді.
2. Жас мұғалімге кәсіби дағдыларын дамытуға арналған педагогикалық курстар мен семинарларға қатысу мүмкіндігін ұсынылды.
3. Оқытушыға оқу-әдістемелік құралдар, кітаптар және онлайн ресурстар ұсынып, оқу процесін байыту.
4. Әріптестермен жүргізілген талқылаулар арқылы тәжірибе жинақтау.

Ағылшын тілі пәні бойынша, 4«F» класында (Маратова Оксана)

Тақырыбы: «Dragons and creatures»

Мұғалім сабақтың басында оқушыларға «Dragons» тақырыбына қатысты сұрақтар қойып, қызығушылықтарын ояту үшін қысқаша видео немесе суреттер көрсетті. Оқушылар өз ойларын бөлісіп, тақырыпқа енді. Мұғалім дракондар мен фантастикалық жаратылыстар туралы негізгі ақпараттарды ұсынды. Оқушыларға әртүрлі жаратылыстардың сипаттамаларын, олардың мәдениеттегі және әдебиеттегі рөлдерін түсіндірді. Оқушыларды шағын топтарға бөлді. Әр топқа белгілі бір жаратылыс (мысалы, дракон, фея, гигант) берілді. Олар өздеріне берілген

жаратылыстың сипаттамасын, ерекшеліктерін және қызықты фактілерін зерттеп, постер дайындады. Оқулықпен жұмыс болды:

Ex 1 p 33. Check point 2.

Task 1 Read and number

Task 2 Look and complete

Task 3 Read and choose

Task 4 Make sentences

Оқушылар өздері жасаған жаратылыстар туралы 1-2 сөйлем айтуға тапсырылды. Бұл шығармашылық жұмысты орындау барысында мұғалім оларға шабыт беру үшін мысалдар келтірді. Мұғалім сабақ барысында алынған білім мен дағдыларды қорытындылады. Оқушылардың жасаған жұмыстарын бағалап, жақсы идеялар мен шығармашылық тәсілдерді атап өтті. Wordwallмен ойын ойнатылып, 6 оқушыдан жауап алды. (Қаракөз, Зере, Әлия, Әмір, Ясин, Айдана) .Үйге тапсырма 30 беттегі мәтінді оқуға берді. Оқушылар дракондар мен фантастикалық жаратылыстар туралы түсініктерін тереңдетті, топта жұмыс істеу және шығармашылық ойлау дағдыларын дамытты.



Жас маманға көмек көрсету негізіндегі ұсыныстар мен әдістемелік көмектер:

1. Білім беру саласындағы жаңалықтармен танысу үшін семинарлар, конференциялар мен форумдарға қатысуға мүмкіндік беру.
2. Оқытудың заманауи технологияларын тиімді пайдалануды үйрету, мысалы, интерактивті тақталар, онлайн платформалар және білім беру қосымшалары.

Нәтиже: Жас маманның кәсіби дамуына ықпал етіп, оқыту процесін жетілдіру.

Ағылшын тілі пәні бойынша, 6«Е» класында (Қожантай Ақтілек Нұрланқызы)

Тақырыбы: «Florence Nightingale» SAU.

Мұғалім сабақтың тақырыбын таныстырып, Флоренс Найтингейлдің тарихтағы орны мен маңыздылығын қысқаша айтып өтті. Оқушыларға оның өмірбаяны мен қызметі туралы қызықты фактілер ұсынылды. Флоренс Найтингейлдің медицинадағы реформалары, санитарлық жағдайларды

жақсарту бойынша жұмыстары және оның медбике ретінде қоғамдағы рөлі туралы ақпарат берілді. Оқушыларға Найтингейлдің принциптері мен әдістері талқыланды. Сабақ барысында оқушылар оқулықтағы мәтінді оқып, аударды. № 3 жаттығу орындап, дәптерлеріне жазды. Мұғалім сабақта өткен материалдарды қорытындылап, Флоренс Найтингейлдің медицинадағы орны мен оның қазіргі медицинаға тигізген әсерін атап өтті. Оқушылардың пікірлері мен сұрақтарына жауап берді. Оқушылар Флоренс Найтингейлдің өмірі мен қызметі туралы терең білім алды, мұғалімнің қойған сұрақтарына жауап беріп, оқулықтан таба алды; сабақ барысында өздерінің жауапкершілігін сезінді. SAU концепциясы арқылы оқушылардың жеке дамуында маңызды рөл атқарды.



Жас маманға көмек көрсету негізіндегі ұсыныстар мен әдістемелік көмектер:

1.Тәжірибелі мұғалімдердің сабақ жоспарларын, әдістемелік материалдарын және ресурстарын жас мамандарға ұсыну.

2.Жас мамандардың сабақ өткізу шеберлігін арттыру, педагогикалық сенімділікті дамыту және мектептегі ынтымақтастық атмосферасын нығайту.

Ағылшын тілі пәні бойынша, 3«И» класында (Абатова Динара Абатқызы)

Тақырыбы: «Play and write: My classroom»

Сабақ күнтізбелік жоспарға сай өткізілді, күнделікті сабақ жоспары бекітілген. Жас ұстаз сабақты үй тапсырмасын сұраудан бастады. Оқушылар мұғалім сұрақтарына жауапты ынталы берді. Оқушыларды топтарға бөліп, «Wordwall» бадарламасымен тапсырма беру негізінде барлық топты жұмысқа тарта білді. Кері байланыс болды. Мұғалімнің теориялық білімі жақсы, стандарт орындалады. Оқушылардың пәнге қызығушылығы жоғары.

Жоспарланған жұмыстар толық жүзеге асты. Жас мамандарға әдістемелік көмек көрсетілді. Сабақта интерактивті тақта қолданылып оқушының жұмыс жасауына жағдай жасалды. Сонымен қатар сабақта көрнекілік құралдарды тиімді пайдалана білді. Оқушылар топпен, жеке жұмыс жасай отырып, өз ойларын айта білді.

Жас маманға көмек көрсету негізіндегі ұсыныстар мен әдістемелік көмектер:

- 1.Мұғалімдердің өзіндік талдауын жетілдіру.
- 2.Сабақ беру кезінде уақытты үнемдеу.
- 3.Оқушылардың дайындығын қадағалау.

Ағылшын тілі пәні бойынша, 9«А» класында (Нияз Асем Айсұлтанқызы)

Тақырыбы: «First Aid, Summative Assessment for the Unit»

Мұғалім ұйымдастыру бөлімін жасады. Үй тапсырмасын оқушылардан сұрады. Жаңа сабақты тақырыпты ашатын суреттермен жұмыс жасауды бастады. Оқушылар тақырыпты аша білді. Сабаққа қажетті жаңа сөздер тыңдалды, оқушылар қайталап оқып шықты. «How to give First Aid» тақырыбында видео көрсетілді. Үй тапсырмасына мәтінге қатысты жаңа сөздерді жаттап келуге берілді. Екінші кезеңінде БЖБ жұмысы алынды. Exercise and Sport тақырыбында. Тапсырма №1 Оқылым, Тапсырма №2 Жазылым тапсырмалары берілді. Әрбір тапсырма оқушыға түсіндірілді. Сабақ кезеңдері бойынша толық жүргізілді. Мұғалімнің сөйлеу тілі дұрыс, анық. Теориялық білімі жақсы. Оқушылармен қарым-қатынасы жақсы. Бірақ 20 минуттық бірінші кітап бойынша жасалған жұмыстарын мұғалім бағаламады.

Ағылшын тілі пәні бойынша, 7«А» класында (Қожантай Ақтілек Нұрланқызы)

Тақырыбы: «Communication and technology, Summative assessment for the Unit.»

Оқушылар сабаққа кешігіп келді. Мұғалім 40 минут бойы БЖБ жұмысын жасады. Оқушыларға БЖБ материалдарын түсіндірмей берді. Дескрипторын айтпады. Әр тапсырма бойынша қанша балл жинау керектігін де түсіндірмеді. БЖБ жұмысын жазбай отырған оқушы болды. Ол оқушыны мұғалімді тыңдамады. Оқушылардың дәптерлері түгел емес, сырттары қапталмаған.



Ағылшын тілі пәні бойынша, 3«Г» класында (Абатова Динара Абатқызы)

Тақырыбы: «A, an, the» артикльдер

Мұғалім ұйымдастыру бөлімінен кейін үй тапсырмасын сұрады. Қайталау жұмыстарын жасады. Жаңа сабақты түсіндірді. Бірақ оқушы түсінбеді. Себебі мұғалімнің түсіндіруі жеткіліксіз болды. Ереже және мысалын тақтаға жазып түсіндірді. Ал, ережені қолына бір затты алып сол бойынша ережені айтқанда жақсы жұмыс болар еді. Оқулықпен жұмыс болды. Ережеге байланысты жаттығулар жасалынды. Оқылым жұмысы орындалды. Сергіту жұмысы жасалынды. Күнделікті әдеттенгендіктен оқушылар сергіту


жұмысындағы сөйлемдерін жаттап алған. Өте әсерлі болды. Оқушылар бағаланды. Бірақ кері байланыс болмады. Мұғалімге әлі көп әдістемелік көмек қажет.



Жас маманға көмек көрсету негізіндегі ұсыныстар мен әдістемелік көмектер:

1. Жас мұғалімдер күнделікті сабақ жоспарын тәлімгерлерімен бірге құрып сабақтың кезеңдерін үйренуі қажет.
2. Кафедрадағы мұғалімдердің сабақтарына қатысып тәжірибе жинақтау керек.
3. Өз беттерімен де ізденіс жұмыстарын жасау керек.
4. Сабаққа көрнекілік, кері байланысқа қажетті тапсырмаларды жүйелі дайындап жүруі керек.

Анықтама жазған: Сарина С.Р.-мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары

Тракистони		Сабирова А.М.
Тракистони		Маму А.А.
Тракистони		Жұмағали. А.Н.